

Қолданушы келісімі Пайдалану шарттары

Сіздің келісіміңіз

Осы веб-сайт «Mondelēz International Inc.» («Мондэлис») компаниясына тиесілі. «Мондэлис» компаниясы осы сайтты қолданады және ақпараттық мақсаттарда сізге оны қолдануға рұқсат береді. Осы сайтқа келіп немесе оны қолдана отырып, сіз пайдаланудың осы Шарттарымен келісесіз және біздің Құпиялық саясатымызбен келісетіндігіңізді растайсыз. Егер сіз пайдалану Шарттарымен және Құпиялық саясатымен келіспесеңіз, сіз осы сайтты қолдана алмайсыз.

Сайтты пайдалану шарттары

Егер басқадай көрсетілмесе, осы сайт сіздің жеке бейкоммерцилық қолдануыңыз үшін ұсынылған. Сіздің сайттан алынған кез келген ақпараттарды, бағдарламалық қамтамасыздауды, өнімдерді немесе қызметтерді өзгертуге, көшіруге, таратуға, беруге, көрсетуге, орындауға, қайта шығаруға, шығаруға, лицензиялауға, туынды жұмыстар жасауға немесе сатуға құқығыңыз жоқ. Сіз өзіңіздің бейкоммерциялық пайдалануыңыз үшін сайтта тұрған материалдардың үзінділерін, авторлық құқық, сауда белгісі немесе меншік құқығына деген басқа да сілтемелер туралы қандай-да бір хабарламаларды өзгертпейтін немесе өшірмейтін шарттарда, көрсете аласыз және электронды құралдарды қолдана отырып, көшіре аласыз, жүктей аласыз және қағазға шығара аласыз. «Мондэлис» компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатсыз Сайтта келтірілген материалдарды кез келген басқадай пайдалану, қоса алғанда бірақ шектелмей, осы сайттың мазмұнын жаңартуға, қайта шығаруға, таратуға, қайтадан басып шығаруға, көрсетуге немесе беруге тыйым салынады. Сіз сайттан жүктеп алатын кез келген материал, қоса алғанда, бірақ шектелмей, бағдарламалық қамтамасыздау, файлдар, графика, деректер немесе кез келген басқа деректер, «Мондэлис» компаниясына немесе оның лицензиарларына тиесілі. Сіз осы материалдарды жүктеп алған кезде, «Мондэлис» оларды Сізге кері қайтарып алынатын лицензия бойынша ұсынады. «Мондэлис» бағдарламалық қамтамасыздауға жән осыған байланысты барлық зияткерлік меншік құқықтарына өзінің толық меншік құқығын сақтайды. Сіз осы материалдарды тарата немесе сата алмайсыз, және де қайта құрастыру, кері ассемблерлеу немесе басқадай түрде оларды адамның пайдалануына жарамды кез келген басқа түрге түрлендіре алмайсыз.

Сіз ұсынатын материалдар

Сіз өзіңіз ұсынған кез келген материал үшін, кез келген осындай материалға қатысты заңдылық, сенімділік, орындылық, түпнұсқалық және авторлық құқық сияқты аспектілер үшін жауапкершілікті қоса алғанда, жауапкершілік көтеретіндігіңізді растайсыз. Сіз мазмұны жала жабатын, беделді түсіретін, әдепсіз, қауіп төндіретін,

жеке өмірдің мызғымастыққа құқығын немесе ақпараттың жариялығын бұзатын, қорлайтын, заңсыз немесе басқадай түрде жағымсыз болып табылатын, немесе қылмыс болып табылатын немесе осындайға жол беретін, кез келген тұлғаның құқығын бұзатын немесе жауапкершілік туындауы үшін басқадай да негіз болып табылатын немесе кез келген заңды бұзатын кез келген материалдарды сайтқа жібере алмайсыз, тарата алмайсыз немесе сайт арқылы басқадай жариялай алмайсыз. Сіз сайтқа коммерциялық мазмұндағы ақпараттарды жібере алмайсыз. Біздің Құпиялық саясатымызға сәйкес біздің сізден алуымыз мүмкін жеке сипаттағы кез келген ақпараттарды ескермегенде, сіз «Мондэлис» компаниясына осы сайт арқылы беретін барлық ескертулер, ұсыныстар, идеялар, графика немесе басқа ақпараттар, тіпті кейіннен осы келісім бұзылатын болса да, «Мондэлис» компаниясының меншігі болып табылады. «Мондэлис» компаниясы және ол өкілеттеген тұлғалар сіз оған кез келген және барлық коммерциялық немесе бейкоммерциялық мақсатта, сізге немесе басқа тұлғаларға осындай материалдар үшін теңгерім ақысын төлеудің қандай-да бір міндеттемелерінсіз, сіз ұсынатын материалдарды еркін көшіруге, ашуға, таратуға, инкорпорациялауға және басқадай қолдануға құқылы.

БАС ТАРТУ

«МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ ОСЫ САЙТ МАЗМҰНЫНЫҢ ДӘЛДІГІНЕ НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЕШҚАНДАЙ МӘЛІМДЕМЕЛЕР ЖАСАМАЙДЫ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ. ОСЫ САЙТ ЖӘНЕ ОСЫ САЙТТА КӨРСЕТІЛГЕН МАТЕРИАЛДАР, АҚПАРАТТАР, ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ӨНІМДЕР, ҚОСА АЛҒАНДА, БІРАҚ ШЕКТЕЛМЕЙ, МӘТІН, ГРАФИКА ЖӘНЕ СІЛТЕМЕЛЕР, «ҚАЛАЙ БАР БОЛСА, СОЛАЙ» ШАРТЫНДА ЖӘНЕ ТУРА БІЛДІРІЛГЕН НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДАП БЕРІЛГЕН БОЛСА ДА ЕШҚАНДАЙ-ДА КЕПІЛДІКТЕРСІЗ ҰСЫНЫЛАДЫ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА СӨЙКЕС РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН БАРЫНША ТОЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕ, «МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ ТУРА БІЛДІРІЛГЕН НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДАНЫП КӨРСЕТІЛГЕН ҚАНДАЙ-ДА БІР КЕПІЛДІКТЕРДЕН, ҚОСА АЛҒАНДА, БІРАҚ ШЕКТЕЛМЕЙ, НАҚТЫ МАҚСАТ ҮШІН ТАУАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНЫҢ ТҰСПАЛДАНҒАН КЕПІЛДІГІН, БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ, КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРУСТАРДЫҢ ЖОҚТЫҒЫН, ЖӘНЕ ДЕ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЖҮРГІЗУДІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ НЕМЕСЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН КЕПІЛДІКТЕРДІ БЕРУДЕН БАС ТАРТАДЫ. «МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ САЙТТА БАР ФУНКЦИЯЛАР ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДІГІНЕ НЕМЕСЕ ҚАТЕЛЕРДЕН ЕРКІН БОЛАТЫНДЫҒЫНА, КЕМШІЛІКТЕР ТҮЗЕТІЛЕТІНДІГІНЕ НЕМЕСЕ ОСЫ САЙТ НЕМЕСЕ САЙТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН СЕРВЕРДЕ ВИРУСТАР НЕМЕСЕ БАСҚА ДА ЗИЯНДЫ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ЖОҚТЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЕШҚАНДАЙ МӘЛІМДЕМЕЛЕР ЖАСАМАЙДЫ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ. «МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ ОСЫ САЙТТАҒЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ОЛАРДЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫНА, ДҰРЫСТЫҒЫНА, ДӘЛДІГІНЕ, СӘЙКЕСТІЛІГІНЕ, ПАЙДАЛЫЛЫҒЫНА, УАҚЫТЫЛЫ БОЛУЫНА, СЕНІМДІЛІГІНЕ, НЕМЕСЕ ӨЗГЕЛЕРІНЕ

ҚАТЫСТЫ ЕШҚАНДАЙ МӘЛІМДЕМЕЛЕР ЖАСАМАЙДЫ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРҒА ҚОСЫМША, СІЗ ӨЗІҢІЗ («МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ ЕМЕС) ҚАЖЕТТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ, ЖӨНДЕУГЕ НЕМЕСЕ ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨЗ МОЙНЫҢЫЗҒА АЛАСЫЗ. КЕЙБІР МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ЗАҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ОСЫНДАЙ БАС ТАРТУДЫ ҚОЛДАНУҒА РҰҚСАТ БЕРМЕЙДІ, ЖӘНЕ СОНДЫҚТАН ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТПЕ СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛМАУЫ МҮМКІН.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

ЕШБІР ЖАҒЛАЙЛАРДА, «МОНДЭЛИС» КОМПАНИЯСЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТУРА, ЖАНАМА, АРНАЙЫ, АЙЫППҰЛДЫҚ, КӨЗДЕЛМЕГЕН. ТҰРПАТТЫҚ НЕМЕСЕ КЕЙІННЕН БОЛАТЫН ШЫҒЫНДАР НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЗАЛАЛ ҮШІН, ТІПТІ ЕГЕР «КРАФТ» КОМПАНИЯСЫ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН НЕ БОЛМАСА БЕЙБЕРЕКЕТТІКТЕН, НЕ БОЛМАСА КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА СЕБЕПТЕРДІҢ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН, ОСЫ САЙТТА ҚОЛЖЕТІМДІ АҚПАРАТТАРДЫ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ, ӨНІМДЕРДІ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ, ПАЙДАЛАНА АЛМАУДЫҢ НЕГІЗІНДЕ НЕМЕСЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН НЕМЕСЕ ОСЫНДАЙ ШЫҒЫНДАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ АЛДЫН АЛА ХАБАРДАР ЕТІЛГЕН БОЛСА ДА, ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ. ОСЫ ШЕКТЕУЛЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ШЕКТЕЛГЕН ҚҰРАЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ КЕЗ КЕЛГЕН СӘТСІЗДІКТЕРГЕ ҚАРАМАСТАН ҚОЛДАНЫЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ КЕЙБІР ЮРИСДИКЦИЯЛАРДА БОЛЖАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДІҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ҰЗАҚТЫҒЫНА ШЕКТЕУЛЕР БЕЛГІЛЕУГЕ, ЖӘНЕ ДЕ КЕЙІННЕН БОЛАТЫН НЕМЕСЕ КӨЗДЕЛМЕГЕН ШЫҒЫНДАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕГЕРУГЕ НЕМЕСЕ ШЕКТЕУГЕ РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ, ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ШЕКТЕУЛЕР СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛМАУЫ МҮМКІН.

Залалдың теңгерім өтемі

Сіз осы шарттарды кез келген бұзу нәтижесінде немесе Интернет желісіндегі сіздің есептік жазбаңызды пайдалану арқылы сайтқа кірген кез келген басқа тұлға немесе сіз өзіңіз жол берген өзіңіздің Интернет желісіндегі есептік жазбаңызға байланысты кез келген әрекеттің (қоса алғанда, шектелмей, бейберекет немесе заңсыз әрекеттер) нәтижесінде туындайтын залалдарды өтеуге, «Мондэлис» компаниясын, оның лауазымды тұлғаларын, директорларын, қызметкерлерін, агенттерін, лицензиарларын және жеткізушілерін жауапкершілікке тартқызуға, адвокаттардың сәйкес гонорарларын және сот шығындарын қоса алғанда, барлық жоғалтымдардан, шығындардан, залалдар мен жұмсалымдардан қорғауға келісесіз.

«Mondelēz International Inc.» компаниясының құнды қағаздары

Осы сайтта біз инвестиция сұрақтары бойынша кеңестер бермейміз, және осы сайттағы материалдар «Mondelēz International Inc.» компаниясының қандай-да бір құнды қағаздарын сату немесе сатып алуға ұсыныс ретінде қарастырыла алмайды.

Егер сіз сайтта қолжетімді қандай-да бір материалды «Mondelēz International Inc.» компаниясының құнды қағаздарын сатып алу немесе сатудың мәнісі бар ма жоқ па екендігі туралы шешім қабылдау үшін пайдалануды ойлаған болсаңыз, осы сайттағы материал компанияға қатысты қызметтердің өткен шақтағы көрсеткіштерін және тарихи ақпараттарын көрсететіндігін есте сақтаңыз және қызметтердің мұндай көрсеткіштері және ақпараттар болашақтағы параметрлерді анықтау үшін көрсетуші болып табылуы міндетті емес екендігін есте сақтаңыз.

Басқа сайттарға сілтемелер

Осы сайт басқа интернет сайттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін. «Мондэлис» компаниясы осы сайттардың жұмыстарын бақыламайды, және сіз оларға тек қана өз тәуекеліңізге сүйене отырып жүгінесіз. «Мондэлис» компаниясы сондай-ақ сіз осы сайттағы байланыстар арқылы қол жеткізетін басқа сайттарда ұсынылатын ешқандай өнімдерді немесе ақпараттарды растамайды және мақұлдамайды. Сіз бұрынғыдай «Мон’дэлис Русь» / Mondelēz International компаниясының сайтында тұрғандығыңызды немесе басқа веб-сайтқа ауысқандығыңызды анықтау үшін, өз браузеріңіздегі URL мекен-жайын тексеріңіз.

Юрисдикция

«Мондэлис» компаниясы компанияның қазақстандық бөлімінен осы сайттың жұмысын бақылайды және пайдаланады. Біз ешқандай түрде сайт материалдарының Қазақстан Республикасынан тыс жерде қолданылуы мүмкін екендігіне ешқандай кепілдік бермейміз және осылай болжауға негіз бермейміз. Егер сіз сайтты ҚР-нан тыс жерде пайдаланатын болсаңыз, кез келген қолданыстағы жергілікті заңдардың орындалуы үшін жауапкершілікті сіз өзіңіз көтересіз. Сіз осы сайттың материалдарын экспорттық заңнаманы және басқа да нормативтік актілерді бұза отырып, пайдалана алмайсыз немесе экспорттай алмайсыз. Веб-сайтқа немесе сіздің оны пайдалануыңызға қатысты кез келген наразылық, олардың құқықтық қарама-қайшылықтарына қарамастан ҚР-ның нақты заңдарымен реттелетін болады, және сіз осы сайтты пайдаланудан немесе осыған қандай-да бір түрде байланысты тура немесе жанама туындайтын кез келген соттық талқылаулардың юрисдикциясына және аумақтық соттылығына Қазақстан Республикасының сот органдары ие болатындығымен келісесіз.

Веб-сайттың және қолдану шарттарының өзгеруі

Осы сайтта материалдарды бере отырып, «Мондэлис» компаниясы, осы материалдардың сіз үшін қолжетімді болып қала беретіндігіне уәде бермейді. «Мондэлис» компаниясы сізді осы туралы ешқандай хабардар етпестен, кез келген уақытта осы сайттың жұмысын толығымен немесе жартылай тоқтатуға құқылы. «Мондэлис» компаниясы сондай-ақ осы сайтқа қол жеткізу кезінде ескерілетін негізгі және қосымша шарттар мен хабарламаларды өзгерту құқығын өзіне қалдырады, осы Тарауды кез келген осындай өзгертулерден кейін сіздің

қолдануыңыз сіздің осындай өзгертілген пайдалану шарттарына келісіміңізді растағаныңыз деп есептеледі. Сіз оларға қандай-да бір өзгерістер енгізілгендігін тексеру үшін, осындай пайдалану шарттарын ұдайы қарап отыруға келісесіз.

Осы Келісімнің әрекетінің тоқтатылуы

Осы Келісім оның әрекетін тараптардың кез келгені тоқтатқанға дейін күшінде қалады. Сіз осы сайттан алынған барлық материалдарды, және оған байланысты барлық құжаттамаларды, барлық көшірмелерді және инсталляцияларды жойып, кез келген уақытта Келісімнің әрекетін тоқтатуға құқылысыз. «Мондэлис» компаниясы өзінің пікірі бойынша сіз осы Келісімнің қандай-да бір шарттарын бұзғандығыңыз туралы сізді хабардар етпестен, осы Келісімнің әрекетін кез келген уақытта тоқтата алады. Келісімнің әрекеті тоқтатылған кезде сіз барлық материалдарды жоюға тиіссіз.

Өзге шарттар

Егер осы Келісімнің кез келген шарты заңсыз, жарамсыз немесе жүзеге асырылмайтын деп танылса, Келісімнің қалған шарттары күшінде қалады. Бұл құжат сіздің осы Сайтты пайдалануыңыздың барлық аспектілеріне қатысты сіздің және «Мондэлис» компаниясы арасындағы толық Келісім болып табылады.